

## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 929 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындары және "Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қосу және қайта құру жолымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.18. N 785 қаулысымен**

1-1. Кәсіпорынға осы қаулыға қосымшаға сәйкес еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат берілсін.

**Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.18. N 785 қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні ғылым саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне Кәсіпорынның жарғысын бекітуге ұсынсын;

2) Кәсіпорынды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

**1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

**2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.**

3) "Қазақстан Республикасында жүргізілетін, басталған, жалғастырылып жатқан және аяқталған мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу,

тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды мемлекеттік тіркеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 наурыздағы N 198 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 8, 51 -құжат):

3-тармақтағы "Республикалық мемлекеттік ғылыми мекеме - Салааралық ақпарат ғылыми-техникалық орталығында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында басталған, жалғастырылып жатқан және аяқталған мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды мемлекеттік тіркеудің тәртібінде:

мәтін бойынша "САҒТО" деген аббревиатура "ҚР ҰҒТАО" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Салааралық ақпарат ғылыми-техникалық орталығына (бұдан әрі - САҒТО)" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" (бұдан әрі - ҚР ҰҒТАО) шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына" деген сөздермен ауыстырылсын.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796; 19.08.2022 № 581 қаулыларымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 20 қыркүйектегі  
N 929 қаулысына  
қосымша

**Ескерту. Қаулы қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.18. N 785 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
"Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны құратын еншілес мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі

1. "Ақмола ғылыми-техникалық ақпарат Астана қаласы

орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны  
2. "Республикалық ғылыми-техникалық Алматы қаласы  
кітапхана" еншілес мемлекеттік кәсіпорны  
және оның филиалдары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК